

Әли БИСКАБАЙ

**ЖӘЛМЕНДЕ  
ПЫШАН**



## РИЗАЛЫҒЫМДЫ БІЛДІРЕМІН

*Осы кітаптың, яғни «Жәлменде — Пышан» атты прозалық жинақтың баспадан шығуына қаржылай демеушілік көрсетіп, Атымтай жомарттық танытқан нарықтың нарқасқасы атанған белгілі іскер кәсіпкер Дүйсенбек НҰРЛАНҰЛЫНА шын жүректен ризашылығымды білдіріп, құтайып дәулеті, марқайып сәулеті, өркендей берсін әулеті демекпін.*


*Ізгі ниетпен*

*Әли ЫСҚАБАЙ*

Әли ЫСҚАБАЙ

# ЖӘЛМЕНДЕ – ПЫШАН

Танымал тұлғалар мен  
тірлік тынысы тұрғысындағы  
туындылар



Бұл еңбегімді Сырманак тегінен тарайтын Тоқтыбекұлы Жалайыр бабамның әруағына бағыштаймын. Одан кейінгі ұрпақтарына тағзым етіп, бүгінгі жеткіншектерінің өркендеп өсіп, келешегінің кемел болуына ізгі ниетімді білдіремін.

Автор.

- ДЕРЕКТІ ДРАМАЛАР
- АСЫЛ МҰРА
- ҚАЗАҚЫ ҚАЛЖЫҢДАР
- БОЯМАСЫЗ ӨМІР
- ҚОЖАНАСЫР ХИКАЯЛАРЫ

Алматы  
2004

**ББК 84 Қаз 7  
Ы 88**

**ЫСҚАБАЙ Әли Әпекұлы**  
**Ы 88 ЖӘЛМЕНДЕ – ПЫШАН:** Пьесалар мен әңгімелер  
кітабы.— Алматы, 2004— 380 бет.

ISBN 9965-27-335-9

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист-жазушы Әли Ысқабайдың бұл кітабына Жетісу жерінің жампоздары жиырма жылдай билік тізгінін ұстап, елін басқарып, халқының қамқоршысы атануымен ардақталған Дәуітбайұлы Жәлменде мен оның баласы, ақын-сазгерлігімен танылған Пышан болыстың азаматтық тұлғасын айқындайтын нақты деректерге негізделген драмалық шығарма енген. “Зұлымдық зауалы” пьесасында Ұлы Отан соғысындағы қанды майданда қаһармандығымен Кеңес Одағының Батыры атанған жетісулық Матай Байысовтың ерліктері мен еңбектегі белсенділігі баяндалады.

Қаламгердің жинағына топтастырылған асыл мұраға айналған қазақы қалжыңдар, боямасыз өмір көріністері мен Қожанасырдың бүгінгі таңдағы әпенделік хикаялары тұрғысындағы әңгімелері де өз оқырмандарын тұщындырары кәміл.

**Ы  $\frac{4702250200}{00(05)-04}$**

**ББК 84 Қаз 7**

ISBN 9965-27-335-9

© Ысқабай Ә., 2004

# ЖӘЛМЕНДЕ – ПЫШАН

## Деректі драма

Қатысушылар:

**Жәлменде** – Жалайырдың биі, аға сұлтан

**Пышан** – Жәлменденің баласы, әкесінен кейінгі болыс, ақын-сазгер.

**Абай** - ақын

**Сапар** – Жәлменденің әйелі.

**Ойшы** - Іле бойының атақты байы.

**Ораз Жандосов** – Жетісу ұлт істері жөніндегі комитетінің төрағасы.

**Бақтыбай** – ақын.

**Бақай** – батыр.

**Оңғар** - ұрылардың басшысы.

**Сүндетбай** – жас жігіт, болыс

**Смайыл** – Сүндетбайдың әкесі.

**Жақып** – татар жігіті, Пышанның досы.

**Қайша** – Пышанның әйелі.

**Қожахан** – ауыл жігіті.

Жігіттер мен қыздар.

Жасауылдар.

## Бірінші бөлім

### Бірінші көрініс

*Үржар мекені, 1891 жыл. Ақбоз үйдің ішінде он екі уездің басын қосқан съезд өтуде. Ортада ояз, айнала қазақтың игі жақсылары жайғасқан. Қымыз ішіп отыр. Абай Құнанбайұлы әлденеге алаңдап, дегбірсізденеді.*

**Дауыстар.**

– Бүгін екінші күн тосқанымызға. Кім еді ол, бәрімізді байлап, матап қойғандай сарғайта күттіретін.

**Абай.**

– Уай, Уақтың құт биі. Жалайырдың Жәлмендесі келмей

ауызға алар әңгімеміздің түйінін табу күрделі деп түйсінемін. Оның үстіне былтыр, Қоянды жәрменкесінде жүздескенде, Жәкене өзің жетпей сиязды бастай қоймаспыз деп сөз де берген едім. Ояздың өзі де келісіп отыр ғой. Шыдасаң етті!

### **Уактың биі.**

– Е-е-е, біздің елдегілердің “Жаннан асқан Жәлменде, жан дәулеті алдында”, деп жырмен кестелер Жәлмендесі де оны.

**Самалдық ақын.** Е-е, дәп солай. Үстінен түскендейсіз. Жәлмендемен дәм-тұздас жандардың бірі едім. Жәлменденін кім екенін мен білдірейін былайша: “Жалпақ жатқан Жалайырдың Жәлмендесі, Жоңғар жорғасы, Жетісу жолбарысы. Жарты жандарал Жәлменде жетім-жесірді, жарлы-жалқыбайды, жұттан жұтағанды, жүдеп-жадағанды, жаны жаралыны, жазықты жаңылғанды жатсынбапты, жатыр-қамапты. Жетісудың жарты жұртын жеке жайлап, жақсыларды жарылқап, жалқауларды жатқызбапты, жамандарды жөндепті, жазықтыларды жүгендепті, жаны-жүрегі жылыларды желеп-жебепті. Жеті жасынан жылқы жанды, жер жанды, жұрт жанды жайсаңдарға жақындасып жүріпті. Жауым-жалқаулық, жағымпаздық, жемқорлық, жауыздық, жалғыздық, жатқанға жуымайды, жүргенге жөргем жолығады, жұтқан жұтамайды, жолаушыны жолға жатқызба, жатты жатырқама, жақынды, жекжат, жиен-жұрағат, жиеншарға жақын жүріп жағдайын жаса, жабырқатпа, жаманын жасыр, жоқты жоқтамай, жақсыны жасытпауды жүрегіне жұлдыздаған Жәлмендеге жақындас. Жаныңа жорнағы жұғар. Жәлменде жолындағылар Жауқашар, Жобалай, Жаназар, Жамал, Жазық жұртына жалықпай жақындасып, жондағы жайсаңдармен жарасыпты, жауына жаманшылық жасамапты.

Жәлменде жігіттері, жалшылары, жойқын жүйріктері жөн-жосыққа, жолдас-жораға жайлы, жақын жүрген. Жайбарақат жатқанға жібімепті, жарқын жандарды жақтырып, жалтаруға жуымапты.

*Жәлменде келеді. Отырғандармен жағалай амандасқан Жәлмендені Абай төрге оздырады. Қымыз ұсынады.*

**Жәлменде.** Оу, жақсылар мен жайсаңдар, күттіргенімді айып ете көрмеңдер. Хабарды бірер күн кеш алып қалған жайым бар.

**Абай.** Кешегі Төле бидің ел-жерінде әділдіктің ақ туын әуелетіп жүрген, қара қылды қақ жарар Жәлменде би, бүтінгі беделді сиязға төрағалық етсін деген ұсынысым бар. Бұған қалай қарайсыздар?

**Отырғандар.** Атам қазақ “Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есімхан жеткен” демеуші ме еді. “Жөн-жөн”, “Түр-тұлғасы да келісті-ақ екен Жәкеннің”, “Онды ұйғарым” деп жамырай қостайды.

*Қараңғылық түсіп, жарық қайта беріледі. Сол съезд өтіп жатқан жер. Малдас құра отырған Жәлменде қорытынды сөз айтуда.*

**Жәлменде.** Уа, ағайын! Кешелі бергі өзен ернеуінен асардай, мөймілдей айтылған ағысты сөздің тоқ етеріне жетелік енді. Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке билердің дүниеге келтірген “Жеті жарғысы” мінеки, екі ғасырдан аса қазақ даласының Ереже-қағидаларының негізгі нұсқасына айналып келді. Ішімізге орыс дендегелі, оның да заңдары басшылыққа алына бастады. Алайда, онысының халқымыздың қанына сіңісіп кеткендігі шамалы. Сол себепті, заманың бүтінгі ыңғайында жалпы ел-жұрттың мұрат-мақсаты үшін кемел ойшыл, білім-білігі мұхиттың тереңіне тартар Абайдың талқыға салып отырған Ережелерін қабылдауды дауысқа саламын. Сонымен, бұдан былай қайтарылатын құнның жетпеген мөлшері оның ағайындарына емес, ұрыға ат майын беруші, сүйеуші бай-жуандар мойынына артылады.

**Тобықтының биі.** Абай қолда өскен бағлан. Ортамыздан шыққан азамат. Өзі де болыстықтың дәмін бір адамдай татқан. Енді келіп, Абай айтты екен деп, бағзыдан қатып қалған қағиданы қалайша өзгертпекпіз. Ел болғаннан кейін бірлі-жарым ұры-қары ұшыраспай қалмайды. Ендеше, бұған біздің жазығымыз нешік?!

**Жәлменде.** Ой, сөзіңе болайын! Сені де бір елдің пана тұтар биі дейді-ау! Алдындағы азды-көпті жұртыңа – айбар, ұрыңа – тор бола білмесең, несіне камшы тастап, сөз алғандайсың. Қашанғы ұзын арқан, кең тұсау күйде жүре бермекшісіңдер шөре-шөрелеп! Ел ебелек емес, ер кебенек емес. Бір уақ миға салып, бас қатырып пісіріп, ойланар ма, осы жұрт?!

Екіншіден, мана ертеңгілік отырыста Абай: “Күйеуі өлген соң әйелді қайталай бөгдеге сату зорлықтың бір түрі. Егер

жесірге қосатын әменгер табылмаса, әйелдің еркі өзіне берілсін, қыспақтан азат етілсін. Кімге тұрмысқа шығатынын өз жүрегінің қалауымен шешсін!” деді. Бұған қарсыларыңыз бар ма?

**Қарқаралының биі.** О заманда, бұ заман, қалың малы төленіп алынған басы байлы жесірді бетімен жіберсін дегенді естіп тұрғанымыз осы. Әменгері табылса да, табылмаса да, өле-өлгенше өзіміз билік етпеуші ме едік?! Жаңағы тобықтының биі айтқандай, Абай ұсынды екен деп, қазақтық қалпымыздан айырылайық па?! О, несі-ей!

**Жәлменде.** Беу, бетке ұстарларым-ау! Қисынды сөзге құлаған, жақсыны құдайдан сұраған қазақ емес пе едік. Дәл осы ұсынысты ұнатпауларың жанды қинайды. Батырбайтоғымыз да, асыл-жанпозымыз да сол аналардың тар құрсағынан жаратылмап па еді. Құдай қосқан қосағынан айырылып, көкірегін шер торлаған қыз-келіншек өз теңін тауып, ертеңгі өмірін өрнекті өріп жатса, кімге күлкі, кімге түрпі. Басымыз тоқайласса, бір жиылған мынау алқалы жиында кеудесі – сандық, сөзі – кілт, ақылы – алтын Абайдың осындай асыл арналарға жол ашуына қайта қуанып, бөркімізді неге аспанға атпасқа! Бері мойныңды бұр, Абай, екеуміз түйдей құрдас едік, әйтсе де алыстан ат арылтып келдім ғой, ақ батамды берейін:

Ұстағаның алтын болсын,

Жүзің дүр жарқын болсын.

Сөзінді әмсе ұғатын, мынандай халқың болсын!

Ұлы Абай хақ жансын, жаһанда атың жатталсын!

Әумин!

**Тұс-тұстан дауыстар.** “Бәрекелді жөн-ақ! Әумин! Әумин! Жөн! Жөн!”

– Ақсұңқар құс бел алса,

Аспан асты нұр тұнар.

Есті жігіт төр алса,

Ел биікке ұмтылар, - деген осы!

### **Екінші көрініс**

*Съезтөбе жайлауы. Киіз үй көрінісі. Іші жасау-жабдықтармен безендірілген. Төрдің оң жақ қанатына таман көрпе үстінде Жәлменде жантайып жатады. Сырттан біреудің тықырын естіп, кеудесін көтере мойнын созып, есік жаққа көз жүгіртеді. Ойшы кіріп келеді.*



**Ойшы:** Ассалаумағалейкум, Би аға.

**Жәлменде:** Уағалейкумассалам. Ойшымысың, төрге қарай озып отыр. Иә, ат-көлік аман ба? Ел-жұртың, Іле бойы тыныш па? Халықтың хал-ахуалы қалай?

**Ойшы:** Құдайға шүкір, Жәке. Бәрі орнында. Дін аман.

**Жәлменде:** Ел-ішінің тыныштығы жақсы. Жол болсын, беталыс қалай?

**Ойшы:** Беталыс сіздің ауыл. Абай еліне барып, съезге қатысып қайтыпты деген соң, әңгіме төркініне өз құлағыммен қанығайын деп...

**Жәлменде:** Шалғайда, қойнауда жатсаңдар да, құлақтарың түрік-ау, ә. Оны қайдан естіп қойдыңдар.

**Ойшы:** Ой, Жәке-ай, жақсылық хабар жата ма. Ел құлағы елу. Құлақтанысымен қамданып ем, жеткен бетім осы.

**Жәлменде:** Құлағымды тостым. Қандай жаңалық естігін бар.

**Ойшы:** Үржарда өткен съезге қатысыпсыз. Нендей мәселе талқыланды. Сол жөнінде білсек, әңгімеңізді тыңдай отырсақ...

**Жәлменде:** Иә, съезге қатыстым. Бұдан бірер жыл бұрын тобықтының беделді азаматы әрі ақыны Абаймен Қоянды жәрмеңкесінде жолыққанбыз. Біршама әңгімелесіп, пікір алысқан едік. Сонда қазақтың тұрмыс-тіршілігіне тән мәселелерді дұрыс шешуге бейім жарғы, ереже жасауға уағдаласқан едік те. Жақында соған шақырыпты. Хабар кештеу жеткені. Екі күн кешігіп бардым. Мені күтіп, съезді бастамаған екен.

**Ойшы:** Кешіккеніңізге реніш білдірмеді ме әйтеуір.

**Жәлменде:** Абай ақылдың адамы ғой. Жол жағдайын, Қапал, Қаратал өңірінің қаншалықты қашықтығын түсінгендігі болар, қабақ шытқанын байқатпады. “Қаралмақшы мәселе даулы, Жалайырдың Жәлмендесі келсін”, - деп көп жайды ояз бастығына түсіндіріп айтқан көрінеді. Ол келіскесін күтіпті.

**Ойшы:** Съезді Жәкең басқарды деген сөз тарады, рас па?

**Жәлменде:** Иә, бұл да Абай ұйғарымы. Мені төраға сайлап, Абай хатшылық міндетін атқарды.

**Ойшы:** Үлкен мансапқа, мәртебелі құрметке ие

болыпсыз, ол да сыйлағандықтың белгісі деп түсінген жөн.

**Жәлменде:** Сонда не, сен мені олқысынып жүр ме едің? “Өз еліңде білінбесең де, сырт елде дүрілде” деген осы.

**Ойшы:** Пәле! Сізді олқысынатындай мен кіммін. Қайта қуаныштымын, Жәке.

**Жәлменде:** Жақсыға қуанған жақсы. Өзінді өзің танып, сыйласып жүргеннен артық ештеңе жоқ.

**Ойшы:** Би аға, сонымен съезде зиялылар не деп пәтуаласты. Абайдың ойшылдығын, халық қамы үшін қанының қайнайтынын сырттай естіп-біліп жүрміз. Тура би деседі.

**Жәлменде:** Тура биді де тығырыққа тірейтін дау қазақта сан алуан. Оны қай жолмен, қандай кесікпен шешетін, ұрымтал жерін тап соғатын ұйғарым қабылдау онайға түспесі және айғақ. Дауларды, жанжалдарды дұрыс шешуді мегзейтін ереже тудырып, оңтайлы әділ билік жасауды бір өзі мойнына алған Абай әділет іздеген адам. Ол әдепкіде, қылмыс пен әйел мәселесін шешуге арнап жаңа ереже ұсынды. Мәселенки, ұрланған малды төлеуге ұрының дүние-мүлкі жетпеген жағайда, оны ағайыны төлейді, - деген өзімізге мәлім нұсқауды Абай басқаша өзгертуге ниет білдірді.

**Ойшы:** Иә, бұл қалыптасқан үрдіс еді. Оған Абай қандай өзгеріс енгізді. Бір жақсылық болса игі.

**Жәлменде:** Абайдың ұйғарымымен бұдан былай қайтарылатын құнның жетпеген мөлшерін ағайыны емес, ұрыға ат майын беруші, сүйеуші бай-жуандар мойнына артылады.

**Ойшы:** Бұл ереже қабылданды ғой, Би аға. Момындар үшін әділеттілік таразысының басы тең тұрмақ. Енді жуандар беталды ұстаса алмас.

**Жәлменде:** Тайталасқандар біршама тартысқысы келді. Бірақ ырық берілмеді. Көпшілік жағы қол көтерді.

**Ойшы:** Дұрыс, дұрыс. Демек бай-жуандарға да ұрыларды аттандыра берме деген ескертпе деп түсінген жөн мұны.

**Жәлменде:** Солайы солай. Ақырын жүріп, анық басудың ақ жолы ашылды.

**Ойшы:** Ұрыға ат майын берушінің көбі қорқау байдан, бықсық сөзі көп шошжардан шығатыны шындық. Абай дөп басқан

екен. Ұры еместі ұры ететін індет түбіне терең үңілуі азаматтық.

**Жәлменде:** Парамен, айламен, жағымпаздықпен, сұрқиялық әрекеттермен ұлық болып жүргендер де тәуір-ак мінелді. Биік мансаптын, биік жартас екендігі, оның басына екпіндеп қыранның да шығатынын, ерінбей өрмелеп жыланның да шығатынын көз жеткізе дәлелдеді.

*(Үйге Жәлменденің бәйбішесі сусын алып кіреді. Ойшыға қымыз ұсынады, әңгімеге құлақ қойып отырады).*

**Ойшы:** Әңгімеңіз нәрлі екен, Би аға, тағы қандай өзгерістер бар?

**Жәлменде:** Бұрнағы ереже бойынша, ері өлген жесір әйелді қосатын әменгері жоқ болса, күйеуінің ағайыны өзге біреуге сатуға ерікті еді ғой. Оны Абай әділетсіз деп бағалап, бұған да тиым салып, жолын бөгеді. Себебі, әйел о баста бір рет сатылды. Қалың малының кәдесі төленді. Күйеуі өлген соң, қайталап сату, зорлықтың бір түрі. Егер жесірге қосатын әменгер табылмаса, әйелдің еркі өзіне берілсін, қыспақтан азат етілсін. Кімге күйеуге шығатынын өз жүрегінің қалауымен шешсін, деді Абай. Осы ұйғарым көпшілік көңілінен дөп шықты.

**Сапар:** Абай да әйел жақсысын жібермейтін алғыр деп еститін ек. Төмен етектінің көңілін қамықтырмайық дегені құптарлық. Әйел байғұсты жесірсін деп қашанғы шырылда-тып, еркінен айыра береді. Көңілі қалаған байына барсын. Онда тұрған не бар. Сіздер де сол жолды берік ұстаныңыздар.

**Ойшы:** Ой, жеңеше-ай, Жәкеңнен қысым көріп, қысылып жүргендей-ақ сөйлейсіз ғой.

**Сапар:** Менікі жеке бастың емес, көптің ойындағы арман. Әйелді қолжаулық етуге түбі тиым салынады. Орыс оқымыстыларымен жиі жүздесетін Абай әйелдердің теңдікке жететінін алдын ала сезген соң, төрелікке жүгіндіріп отырғаны болар, бәлкім.

**Жәлменде:** Бәрібір әйел ерінен аспайды. Отбасының тұтқасын түзу ұстаса, соны бақытым деп санамай ма?

**Ойшы:** Би аға, және бір жаңалық естідік. Патша шақыртып, өз қолымен өңіріңізге Алтын белгі тағыпты. Қуанышыңыз құтты болғай, ләйім мәртебеңіз өсіп, мейманаңыз таси берсін.

**Жәлменде:** Алыстағы ауылға бұл хабар да жетіп қалған

ба? Патша ағзам өңірімізге алтын алқасын тақса, еңбекті елеп-ескергендігі шығар. Оған рахмет.

**Ойшы:** Жақсыны көрмек үшін деген, түр-түсіне көз жүгіртіп, қолмен ұстауға ықылас ауып тұрғаны, Би аға. Мүмкін болса...

**Жәлменде:** Өңірге теңге тақса мақтаныш қып, әркімге бір көрсете беретін мені балаға санайсың ба, әлде даңғойға теңейсің бе?

**Ойшы:** Олай деуге ауыз бармайды. Бірақ та еңбегіңіздің елеп-ескерілгеніне мақтанбай, қайда мақтанасыз. Көрелік те.

**Сапар:** Биеке-ау, замандасың көрсін, әкеп берейін. *(Бәйбішесі тездетіп барып “Алтын белгіні” алып келіп, Ойшыға ұсынады).*

**Ойшы:** Биссимілда деп ұстайын. Ақ патшаның қолы тиген құнды мүлік қой.

**Сапар:** Құнды нәрсенің көрімдігі де құнды боларын бұл қайным естен шығармас.

**Ойшы:** *(медальды арлы-берлі аударып көреді)* Би аға, күректей қолыңызды беріп қойыңыз. Медальіңіз құтты болғай. Патшаның рақымына іліккеніңіздің өзі үлкен абырой, зор мәртебе. Тәубе дейік. Шүкіршілік етейік.

**Жәлменде:** Ықыласыңа рахмет!

**Сапар:** *(Ойшыдан медальды қайта алып жатып)* Ағанды құр мактаумен құтыламын деп дәмеленіп тұрмысың, көрімдігің қайда?

**Ойшы:** Шұрк етпеңіз, женеше. Жақсылық хабарды естіген соң, өзіміз де көрімдік жағын күні бұрын ескергенбіз. Ертең, бүрсүгіні көрімдікке бір үйір жылқы құлын-тайымен, осында иіріледі. Қазір жол үстінде.

**Сапар:** Міне, міне, жөн білетін адамның ісі. Айтпай-ақ, кәде-жосықты түсінеді.

**Ойшы:** Қазақ халқы үшін Би ағанның алтын медалі зор жетістік. Бұған қуанбай, қай жерде шаттанамыз.

**Сапар:** Қайным-ау, зор жетістікті де зорға береді ғой. Мына Биекеннің нар тұлғасына таңданған патша бойын, салмағын өлшетіпті әуелі.

**Ойшы:** Астапыралла! Не дейді. Иә, қанша шығыпты?

**Сапар:** Бойының ұзындығы 7 кез, 17 бүршік, демек 2 метр 20 сантиметрге жетіпті. Салмағы 11 пұт, 7 қадақ

тартыпты. Көргендердің бәрі Биекеңнің нар тұлғалы адам екендігіне таңдай қағысыпты.

**Ойшы:** Пай-пай, Би аға-ай. Барған жеріңіздің бәрі думан-ау. Осындай алыптың күшағында езіліп, жаншылып қалмай жүрген, жеңеше, сіз де зорсыз-ау.

**Сапар:** Илеуіне көнгесін бе, мен үшін Биекең жеп-жеңіл. Тіпті салмағының сондайлық ауырлығын сезінген де емеспін.

**Жәлменде:** Немене, сендер мені тергеп кеттіндер. Басқа түссе баспақшыл. Жеңешен салмаққа езілмейді, елжіреді.

**Сапар:** Еміренгенге елжіремейтін кім бар. *(Ойшыға бұрылып)* Қайным-ау, ел аралағанда қос атпен жүреді. Бір ат шыдас бермейді. Ауыстырып мінеді.

**Ойшы:** Құр ат шыдас бермеген Би ағаға сыр білдірмей жүрген сізден асқан мықты жоқ па деймін.

**Сапар:** Қайным-ау, әзілді қайтесің. Бұл ағанды көтеретін ат өзіміздің көп жылқыдан шықпай, Жақанбай деген жаны жақын замандасына сәлем хат жолдап, ат сұратқанын естімеп пе едің?

**Ойшы:** Жоқ, не депті.

**Сапар:** Біздің отағасы замандасына:

Сәлем де Жақанбайға бір ат берсін,

Жеті жыл мінілмеген құр ат берсін.

Биіктігі, зорлығы мендей болсын.

Семіздігі Жақанбайдың өзіндей болсын,

Жүрісі Жиенқожаның сөзіндей болсын,

— деп сәлем жолдаған.

**Ойшы:** Естімеген екем. Иә, оған не депті Жақанбай?

**Сапар:** Жақан отағасының сәлемін мақұл көріп, сүйекті, жүрісі майда, алыс жолға шыдамды ат беріп жіберіпті.

**Ойшы:** Бұл шынайы достардың өзара сыйластығы мен түсіністігінің әдемі көрінісі.

**Сапар:** Осы Жақанбай бақиға аттанарда балаларына өзіне арнап берілетін асты Жәлменде би басқарсын деп аманаттапты. Жәкең де Жақанбайдың асын өткізуге бар күшін салды. Жақсылап өткерді. Балалары ризалық білдірісті.

**Ойшы:** Жәкең аманатқа берік, сенімді адам болған соң тапсырған да.

**Сапар:** Солайы солай да. Ескермегендер естен шығарып та жібереді. Біздің Жәкең ондайға мұқият қарайды.

**Жәлменде:** Жақанбайдың бұл аты ел бірлігін сақтауда да септігін тигізді.

**Ойшы:** Қалайша?

*Сахналық көрініс ауыстырылады. Матай елінің басшысы Маманның үйі. Үш-төрт адам әңгімелесіп отырады. Сахна жарығы осыларға қарай бағытталады.*

**Маман:** Мына Жалайыр ұрпағы, іргелес жатқан Бәйшегірлер құдандалы ел. Бізден бір жылқы табылмайтындай Жәлменде бидің садыр Жақанбайдан ат сұратуы тегін емес.

**Бірінші адам:** Құрдасы екен, сосын сұратқан шығар.

**Маман:** Жоқ. Бекер іс емес. Мұнда бір гәп бар.

- Оны қалай білеміз?

**Маман:** Кісі жіберелік. Мән-мағынасын білсін.

- Кім барсын?

- Сөзге шешен ғой, Шиырбайды жұмсалық.

**Маман:** Дұрыс. Барсын. Әңгіме мәнісіне қанығып келсін.

*Осыдан кейін жарық Жәлменде мен Ойшы отырған тұсқа түсіріледі. Үйге Шиырбай рұқсат сұрап кіріп келеді.*

**Жәлменде:** *(Бейтаныс қонағын көзбен шола қарап)*

Қарағым, қай елден, қай туған боласың?

**Шиырбай:** Найман ішінде Матаймын.

**Жәлменде:** Ә, онда үш Матайдың баласын білесің бе?

**Шиырбай:** Сұрасаңыз айтам.

**Жәлменде:** Қаптағайда Маман деген бар дейді. Ол қандай адам?

**Шиырбай:** Маман ақса – дәрия, тоқтаса – көл.

**Жәлменде:** Па, шіркін. Нақты құт сол екен. Ал Кенжеде Мүсәпір деген бар дейді. Ол қандай жан?

**Шиырбай:** Ішсе – тоймайды, күйсе – толмайды.

**Жәлменде:** Туу, пәле, шын батыр екен. Аталық Шиырбай деген бар дейді. Ол қанда жан?

**Шиырбай:** Қашса құтылады, қуса жетеді.

**Жәлменде:** Апыр-ай, сол шешен сен боларсың, бәлкім.

**Шиырбай:** Иә, менмін.

**Жәлменде:** Жарайсың. Шиырбай! Нағыз шешен екенсің. Ал енді келген шаруанды айт. Жол болсын.

**Шиырбай!** Шынын айтсам, Маман өзінен аттап барып, Жақанбайдан ат сұратуыңыздың мәнін түсінбей, көңілі

аландаулы. Бізде ел едік. Бір ат тауып бере алмайды деді ме, мұнысы несі? – деген ойда отыр.

**Жәлменде:** Матай, Садыр елі бірге туысқан. Осы екі ел өз араларын суытып, дұрдараз, алауыз болғалы біршама уақыт озды. Бітісер, татуласар сыңайлары байқалмайды. Қайта шиеленіс өрши түскендей. Үш Матайдың баласын біріктіріп басқарып отырған Маман құт, Мүсәпір батыр және шешен Шиырбай - мына өзің татуластыра ма деп едім, әзірге ойларыңа келмей жүр. Осы тұс еді әңгіменің төркіні...

**Шиырбай:** Бек түсіндім. Аттанайын енді.

**Жәлменде:** Жолың болсын. Елдің бірлігін, тату-тәттілігін сақтаңдар. Алауыздықтан арылудың, бітімгерлікке жетудің жолын қарастырыңдар.

**Шиырбай:** Сөзіңізді Маман құтқа қаз-қалпында жеткіземін.

*Шиырбай кетеді. Сахна жарығы Жәлменде жаққа ауыстырылады.*

**Үшінші көрініс.**

**Жәлменде:** Шиырбай әңгімені жеткізгесін Маман Матай мен Садыр елі арасындағы араздықты қойғызып, татуластырыпты.

**Ойшы:** Бітімгер ат дегеніңіз осы екен ғой бағанағы.

**Жәлменде:** Ел намысы күшті.

**Ойшы:** Би аға, енді шаруа-жайға көшейін.

**Жәлменде:** Иә, ақ сөйле. Құлақ түрдім.

**Ойшы:** Би аға. Сонау тағдыр желімен ықтаған заманда Сыр бойынан көш керуеніне жол бастап, Жетісуға, Қаратал өңіріне көшіріп келген кешегі Ескелді би, Балпық әулие, Қабылиса жырау, Жолбарыс батырлар еді. Бәрі де Алқакөл сұлама, Ақ табан шұбырынды заманында ел бірлігін сақтаған, жұртшылық үмітін ақтаған ерлер. Бәйшегірдің әулетінен тармақталынып өскен елдің тұқым-тұяғымыз бәріміз. Түпкі түбіміз бір туыспыз. Соның бірі - өзіңізсіз. Бірақ сол Бәйшегір бабаның бір атасының ұрпағы ел-жұртынан, аталас ағайындарынан бөлініп, Іле бойында, Қамал аталған қойнауға қалып қойды. Бытырап, шашыратып қоймақпысыз оларды. Неге бауырыңызға үйірмейсіз.

**Жәлменде:** Жөн сөз. Орайы келгенде оңтайлап, қолайы

келгенде қорғайлап айтқалы отырмысың. Су тасыса жиегіне шығады, ер тасыса елінен ығады. Ашуланғанда көз қызарады. Ашу басылғанда бет бозарады. Кеуденде намысың тасып, кенерінен асып келген сыңайлысың. Көп ішінен суырылып ағайынның шалғай қоныстанғанын, оқшау қалғандығын бетке салық, сүйекке таңба ететіндей ыңғай танытатын кім едің өзің? Бұл қай сөзің, Ойшы?

**Ойшы:** Шымбайымызға батқан шындыққа шырылдаймыз да. Бұл сүйекке сүйел, жүрекке қырсық салатын кесел іспетті соққы. Елім дегеннің елдігіне, іріткі түскенді кім ұнатады. Осындайда ақылды басшыдан сұрамай, кімнен сұрайды. Сізден артылар ақыл да шамалы.

**Жәлменде:** Олай деп камықпа, Ойше-ке. Төбеңде күнің жарқырап, төменде суың сарқырап жатыр. Кемдігің жоқ, теңдігің бар елсің. Қос өзеннің бірі Қаратал бойын Арық-Тыным ұрпағы мекендесе, Іле бойын Бәйшегірдің бір баласы, Беселу Қайназардың балалары құтты қонысқа айналдырып отыр.

**Ойшы:** Ол дұрыс, Би аға. Бассыз берген мал мазақ, бақсыз берген тіл азап деген. Ағайыннан алыстау ажырағандығы абыржытады. Бір таспен мың қарғаны үркіткендей, Сансыз ата ұрпағы іргелі елден шеттеу қалғанына іштей назданады. Ауызбен ашық айтпаса да, жәутендеген көздері жасырмайды. Осы тұста ел атынан айтатын үлкен бұйымтайым мен өтініш-тілегім де бар, Би аға.

**Жәлменде:** Құлағым сенде, сөйле.

**Ойшы:** Іле бойының қос қапталын қоныстанған ел Бақанастан бастап, Балқаш көлінің шығыс қойнауын, Қараой кеңістігін иемденген ел бір атаның үрім-бұтағы. Осындағы ел-жұрт жеке болысқа бөлініп, өз қотырымызды өзіміз қасысақ, жақын жерден басымызды қосып, ел мұңын тындап, дау-шарасын шешіп отырсақ дейді. Соны сіздің құлағыңызға салуды көпшілік аманаттаған-ды. Бұл аттың жалы, түйенің қомында айтыла салған сөз емес. Елдің игі жақсылары дидарласып, алқақотан кеңесімен келісілген шаруа. Ел атынан жеткізер сөзім, білдірмек ниетім осы еді, Би аға. Бір болысқа бөлуге келісім берсеңіз, ел ерекше бір қуанар еді.

**Жәлменде:** Ниетің дұрыс. Ел сәлемі – ер сәлемі. Бірақ қолқаң жай қолқа емес. Ауыз дәмдіге, көз нәрліге сүйсінеді.



Саусақ жұмсаң жұдырық, ашсаң қылдырық.

**Ойшы:** Елдің рухы күшті. Бақ-талайынан көрер.

**Жәлменде:** Айбары әлсіздің, қайнары нәрсіз. Аптықпа.

**Ойшы:** Қонақты атқар, қырсықтан құтқар деген. Ата қоныстан түпкілікті тұрақ таппай, сыры мен мұны ортақ елден іргесінің жырақ қалғанына ашынады жұрт. Қыран қырды кезбесе, суыр судан безбесе дейміз. Қой қарғысының қасқырға жетпейтіндігінің кебін кигендей, күн кешпесек дегендік біздікі.

**Жәлменде:** Немене, біреулер тізе батырып, қырын қабақ танытып, түртпектей ме?

**Ойшы:** Түртпектен тынышпыз. Туыстай ел табылды. Ысты ағайын ыстық құшағын ашты. Бірақ ата-бабамыздың кіндік қаны тамған жады жерді естен шығару қиын екен. Сағынып, ел аңсары ауады да тұрады.

**Жәлменде:** Күпті көңілде кешірілмес өкпе барын сеземін. Тұтас елге сыйымды, киелі тілі, әділқазылығы бар Найзекене, Найзабайды айтамын, кісі жіберіп, ет бауыр ағайынды ортамызға алайық дескен едік. Оған Найзекен ыңғай танытпапты.

**Ойшы:** Сөзден түйдектетіп ой түйетін кісі ғой, не депті.

**Жәлменде:** Найзекен: “Ақ түйеге мұрындық, көре алмай жерін, қырын құт, туыстан көңіл қалғасын, қонысқа бөтен бұрылдық”, – депті. Онысы ел шетіне шыққан соң, бізді іздеп қайтеді дегені болар. Өкпе ағайынға жарасады. Аманшылық болса, әдейілеп іздеп барып, жауап сөзін өз құлағыммен естімекшімін.

**Ойшы:** Торғай жаңбыр жауса, баласын қорғайды, бұршақ жауса, басын қорғайды. Қасқыр қарызды терісімен өтейді. Жүзігі барда Сүлеймен, жүзігі жоқта сүмірейген ел болмайды. Өз билігіміз өзімізге тиіп, жеке болысқа бөлінгенде, құла белге ту тігіп, құла түзде көр қазысамыз дегендік емес. Аралас-құралас халқымыздың қылын да қисатпаспыз деген ойдамыз.

**Жәлменде:** Әңгімені әріден бастасақ, сонау Қамал қыратына қарай көз тіккен сондағы аталардың өздері. Білмесен тыңда, Іле өзенінің төменгі сағасына бір атаның балаларын қоныстандыруға ниеттеніп, ықылас білдірген Тілеуқұл батыр.

*Осы мезгілде жарық басқа көрініске ауыстырылады. Сахнаның ортасына төбе сынды биіктеу орын жасалынған. Оның биігінде ел*

*басшылары Ескелді әулие, Балпық би, Қабылиса ақын, Тілеуқұл батыр ат үстінде өзара сөйлесіп, жан-жаққа қол сілтесіп тұрады.*

**Ескелді:** Бәйшегір бабаның ұрпақтары қай өңірге орналасады?

**Балпық:** Алды Балқаш бойын жағалап, қоныстана бастады. Мүмкін сонда түпкілікті қалар.

**Ескелді:** Жері құнарсыз, құмға қуды деп, ағайынның араздық сөзін естіп жүрмелік.

**Балпық:** Онда өз қалаулары біледі. Бәйшегір Арық-Тыным ұрпақтары Балқаш көлінің жағалауы мен Қаратал өзенінің екі жағын қоныс етуді қалайтын тәрізді. Көш басшысы Тілеуқұлға Балықшы қыратының жотасына шығып, көкмайсалы төңірекке көз жіберіп тұрып, “қары қалыңдау түседі демесең, халықтың күн көрісіне, шаруа-жайына жайлы қоныс көрінеді. Таяғыңды шаншы, Тілеуқұл. *(Тілеуқұл тіл қатпай басын шайқайды).*

**Балпық:** Көш керуені Қараталды кешіп өтіп, Сарноқайдың етегіне жетті. *(Тілеуқұлға қарап)* “Қауға тартып, қауқар жұмсап жатпайсың. Сай-саласы бастау екен. Үйірілі жылқы, табындап сиыр, келелеп түйе, мыңғыртып қой өсіретін шұрайлы өңір екен. Түгін тартсаң, май шығатын осы өңірді еншілерсің бәлкім.

*(Тілеуқұл бұған да басын шайқайды.)*

**Жолбарыс батыр:** Бұл Тілекең Іленің төменгі Үш Камалын ұнатып тұр ғой. Бағана, атқа қонарда, артына үш рет бұрылып қарады емес пе. Тілеуқұл алысты болжайды. Қойнауы құт, қысы жұмсақтау, жайылымы мол осы Іле өзенінің төменгі жағын, Балқаш көліне дейінгі атырапты берсеңіздер деп тұр ғой. Біз емес, Бәйшегір, Арық-Тыным ұрпақтары шалғайлау, құм ішінде өніп-өседі. Тыныш өмір сүреді деп тұр. Тілегін қабылдайық, Балпеке.

**Балпық:** *(Сабасына түсіп, Тілеуқұлға бұрылып, келіскендігін білдіре келіп):* Тілеуқұл, қалаған қоныстарың құтты, малдарың сүтті, балаларың жұпты болсын. Құдай оңдап, қыдыр қолдап, еліңе дәулет, басыңа бақ берсін. Қарындарың тоқ, қайғыларың жоқ болсын. Аталарыңның аруағы қолдап, еліңе тыныштық әкелсін. Әумин!

*(Жарық Жәлменде отырған тұсқа ауыстырылады).*

**Жәлменде:** Міне, Балпекең осылай батасын берген екен.

Сол ықылым заманнан бері төменгі Іле, Балқаш өңірі, Бәйшегір, Арық-Тыным, Балғалы, Күшік, Қайшылы руларының еншісінде. Құдайға шүкір, іргелері құтты. Елі тыныш.

**Ойшы:** Енді осы аймақтың Іле бойындағы ел-жұртын, бағана айтқанымдай, бір болысқа бөлуге келісім берсеңіз, ел тағы бір қуанар еді.

**Жәлменде:** Ей, Ойшы. Өзің билікке құмармысың, “Бөлектенгенді бөрі жейдінің” мәнін ұғармысың.

**Ойшы:** Билікке құмар болсам, несі бар. Әлем елінің біразына билік үстемдігін жүргізген, жоғары мансап тұтқасын ұстаған Жалайырлар аз ба. Біз солардың үрім-бұтағынан өрбіген тұяқтармыз ғой.

**Жәлменде:** Алтын тұяқтың сынығымыз дегелі отырсың ғой. Қадырғали Жалайыри, Мұқылай, Жамұқа, Хасан Әлидің және басқалардың ел басқарған уәхилігін білемін. Олар өз халқының ғана емес, басқа ұлыстардың да басын қосып, тізгінді мықты ұстаған біртуар тұлғалар. Ондай дана ойлы ғұламалардың ісі ізбасарларына, мына біз бен сізге үлгі, әрі өнеге. Қолбасшы әрі билеріміз Ескелді мен Балпықтың ел бірлігі хақындағы ұлағатты сөздері құлағыңа құйылмаған ба?

**Ойшы:** Би аға, бұрынғы бабалардың ғибратты ойлы сөздері көкейге берік ұялаған.

**Жәлменде:** *(тізерлей отырып, толғана ой түйеге бекінген кейінде)* Онда сол ауызы дуалы, сөзі куәлі бабалардың өсиетті де қасиетті сөздерін біз неге мансұқ етпекпіз.

Сабыр қайда, бекзатым, сабыр қайда,

Сөз айтасың көңілім жабырқарға.

Неден састың, әлде сен неден тастың,

Салмақ болып кетердей қамыс-нарға!

Елдігіміз, берік бірлігіміз қайда қалады. Қонысымыз шалғай болғанмен, ынтымағымыз жарасқан біртұтас ел емеспіз бе. Біз кең арнада еркін ағып, шалқып жатқан өзен іспетті ел болсақ та, қос қапталымыздағы арнамыздан асатын да, тасатын да арынымыз шамалы.

Шығысыңнан қаракұрым Қытай қысады. Батысындағы Ресейдің реңді қабағын жадырата қоюы да екіталай. Күні ертең табаныңа от, арқана шоқ басылмасына кім кепіл. Қос қапталдағы қайраттылар кіжінсе, кеңірдегің керілер. Өз ішіміздегі күшеншектер де жетеді. Алтыбақан алауыз-

дығымыздан туындайтын кикілжің қыжылы және бар. Туырлығыңды тіліп, шаңырағыңды шайқалтып, шабындығыңды шандатпасына сенімің нық па. Дүлейлі күшке қарсы тұрар қаһар таба аламыз ба. Ел қолтығын сөгілдірмей, күйкілік күйбеңмен, шерлі шерменділікпен ел еңсесін түсіріп, егілдірген кімге абырой. Тірі жан тірлігінің тұрлауына тоқтайық.

Ел-жұртты жіліктеп болыстыққа бөлшектеп, әрқайсысымыз әр қырдан қылтиып қарауыл қарағанша, жұдырықтай жұмылып, топталған абзал. Біріксек – жүректік, ыдырасақ – тезектік. Ел шырқын бұзатын, ынтымағын ыдырататын осы бір әлекті әдеттің қашан тыйылары да белгісіз. Бітіп те болмайды, түптеп те тынбайды. Осындай шытырманды шатқалаң шақта, көк қуған қойшысыз қойдай, қыраттың әр беткейіне бет-бетімізше ыдырай өргеніміз жараспас.

Ел іргесін ыдыратқаннан не ұтамыз. Сөлекеттен пәлекетті әрекет шығатыны есте болғай, Ойшеке!

**Ойшы:** Жағдайды түсінеміз, жеткізгенім ел-жұрттың тілегі. Бөлек болыстықты қалайтын да солар.

**Жәлменде:** Шіл құмалағындай шашыраған елді жинастырып, басын құраған бабалардан ұят та. Еліңе айта бар, мән-жайды түсіндір. Күнде борсыған айрандай іріп, ашымайық. Көрші елдер де берік бірлігіңді, қарымды екеніңді сезсе ғана қаймығады.

**Ойшы:** Би аға, жеке болыстыққа келісіп, ел-жұрт көңілінен шыққан жөн-ақ болар еді. Кейінге несіне ығыстырдыңыз.

**Жәлменде:** Ел бірлігін бұзып, іргесін ірітпейік деп тәуір-ақ айтылды емес пе. Ендігі жерде еп іздеп, сеп көздемейік. Өректіп өкпелемегін. Аралас-құралас ел болудан жазбайық. Қандас, бауырлас ағайындарды ажыратып, сүттей ұйыған ынтымақ пен ауыз бірліктен ажырамайық. Бал татыған базыналықты, кермек татыған керіске айналдырмайық. Пәтуаласайық та осыған.

**Ойшы:** Мәселенің мәнісі де, дәмдісі де кейінге ысырылғасын, ел иінін түсіріп, көмейіне құм құйып, тұншықтырғандай тұқырттыңыз-ау, бұл жолы.

**Жәлменде:** Ей, Ойшы, сен неменеге қиқаясын. Іле, Балқаш атырабында сенен асқан бай бар ма. “Төрт түлігінің көптігі сонша, Ташкенге саудаға айдаған малының алды базарға жетіп жығылғанда, арты ауылдан жаңа өреді”, – дегенді ел

бекер айтып жүр ме?

**Ойшы:** Еш байлық еңбексіз құралмайды. Малым түлеп өссе, маңдай терімнің төлеуі шығар. Біреуден тартып алғанымды, не біреуге алақан жайып барғанымды кім көріпті?

**Жәлменде:** Сені жұрт тышқақ лағына дейін санайтын сараң, есепқор деседі. Сауынға берген малыңның өсімін қайтаруды қатаң талап етіп, еселеп алатын көрінесің. Сонда сіңірі шыққан кедей-кепшік қайтып күн көреді. Осы жағын ескеріп, ойластырып көрдің бе өзің?

**Ойшы:** Бар малымды бағатын жарлы-жақыбайлар. Балашағасын асырап, күнкөрістерін тауып отыр. Сүтін ішеді, құртмайын жинайды. Басқа не керек, ол пақырларға.

**Жәлменде:** Бұл далбаса. Қараны сүліктей сорудың жымысқы айла-тәсілі. Қай кедейге мал беріп, басына үй тіктің. Қай кедейдің баласын үйлендіріп, жасауын жасадың. Қай жесірге қамқорлық көрсеттің. Айғақтар, кәнекей. Әрине, жоқ. Байға мырзалық, жомарттық жарасады. Халқының қамқоршысы болған адамның абыройы әрқашан асқақ. Ал сен мыңғырған малдың күйіс қайырғанына мәзсің. Кісі ақысына қиянат жасап, өсімқорлықты талап етіп, кеудемсоқ озбырлықпен кедейге шыр бітірмей, сорғанға күмпілдеп маңғазданасың. Бұдан былай малға өсім алуды дереу доғар. Кедей-кепшікке, жетім-жесірге өсімсіз мал бер. “Байдың малы көбейсе, кедейдің саны артар” деген қағиданы ұмытпа. Жағдайың барда ел-жұрттың қамын ойла, медресе аш, елді оқыт, көпір сал, көкірек көзі ояу жастарды қолда!

*(Жәлменде қымыз ішіп, шамалы тыныстайды. Ойына әлдене түскендей, Ойшыға бұрыла қарайды).*

**Жәлменде:** Болыстыққа бөлінсек қайтеді деп өкшелей бердің. Кімді сайламақсыздар? Әлде өзің дәмелімісің. Көңілдегіңді біліп қалайын.

**Ойшы:** Өзімді ұсынбаймын, ой басқада. Бәйшегірдің еті тірі, сөзі пысық Сүндетбай деген баласы бар. Соны тәрбиелесек деген ниеттеміз.

**Жәлменде:** Ол жігітің қайда?

**Ойшы:** Осында.

**Жәлменде:** Келсін.

*(Жәлменде баланы көргенде мырс етіп күліп, Ойшыға ойлана қарайды. Бала бөгелмей шығып кетеді).*

**Ойшы:** Би аға, ойланып, кідіріп қалдыңыз. Күпір күдік кимелеп кетпеді ме?

**Жәлменде:** Адам танысам, бала өткір мінезді, ақылды, пысықай, келе-келе дөйлікке бой да ұрар.

**Ойшы:** Бізге де ұнағаны осы қыры.

**Жәлменде:** Ұнағаны жақсы. Түбін ойла. Артын бағамда.

**Ойшы:** Сөз төркінін жете ұғынбадым.

**Жәлменде:** Таяқтың екі басы бар. Бірі өзіңе, екіншісі өзгеге тиеді. Мына балаң түбінде күш алып, айтқаныңа көнбей, басына әңгір таяқ ойнатып, жағана жармасып жүрмегей. Қыран көзінен от жарқылы ұшқындап, ойнап тұр екен. Жеке болыстыққа бөлінуге асықпаңдар. Ойланып шешілетін шаруаға байсалдылықпен қараған абзал.

**Ойшы:** Біздің де бір тілегімізді ескеріңізші?

**Жәлменде:** Сонда не, жас баланы болыстыққа сайлап, оның атын жамылып, бүкіл елді өзіңнің айтқаныңа көндіріп, айдауыңа ысқыртпақсың ба? Ондайға жол жоқ. Кері ауыздың кесірлі керденіне жұрт көнбейді.

### **Төртінші көрініс**

*Сахнада ертеңгілікте ауыл іші дүрлігіп жатқаны көрсетіледі. Үрейлі дабырлаған дыбыстар көбейген. Абыр-сабыр қимыл дүбірі сахнаны жаңғыртады.*

**Дауыстар.** Бақай батыр қайда, Бақай батыр?

– Не боп қалды?

– Малға жау шапты. Әлгі Оңғар тағы да үйірлі жылқыны айдап кетті.

– Қуғыншы керек. Қуғыншы.

– Қалай кетті?

– Ой, қалай кетті дерің бар ма. Шығысқа қарай бел асты.

- Тездетіп атқа қонындар. Белді жігіттерді шығарындар.

*Бақай ұрылардың басы - Оңғар батырдың тұсынан шауып өтіп бара жатып, “Әкең Бақай” деп айқайлап, найзаға ұқсатып үш қамыстың басын қосып буып ұстаған қаруын сілтеп қалады. Оңғар атынан ұшып түседі. Бақай оған қарамастан жылқы айдап бара жатқандарды қуып жетеді. Малды түгендеп қайтарады. Бақай қайта оралып Оңғарға жақын келеді. Елден бұрын Бақай атқа қонып, тұра шапқандығының дүбірі естіледі. Ұрыларды қуып жетеді*

**Бақай.** Оу, орнында әлі омалып отырсың ба? Неткен шір-ік неме едің?

**Оңғар:** Есімнен танып қалдым. (Төмен қарайды).

**Бақай:** Сені де батыр деп. Қолымдағы найза емес, асығыста жол-жөнекей үш тал қамыстың үпелігін желбіретіп буып ала салған едім. Сол қамыстан қорқып, есің танып жатса, тақымымда найзаның өзі болғанда қайтер едің?

**Оңғар:** Батыр-еке, қолыңыздағы шын қамыс па еді?

**Бақай:** Иә, нар қамыс.

**Оңғар:** Нанайын ба?

**Бақай:** Мейлің нан, мейлің нанба. Қамыс. Мә, ұстап көр.

**Оңғар:** Ұстап қайтейін. Иманымды үйіріп, шын жаным көзге көрінді әйтеуір. “Әкең Бақай” деген алғашқы үніңді естігенімде, қисық ауыз атыңның төрт тұяғынан ұшқындаған от бет қаратпады. Құданың күдіреті, “Әкең Бақай” деген сөзді үшінші рет естігенімде, есім ауып, не болғанын білмедім. Найзанды сілтеп оқталғанда, он шақты Бақай келіп бас салғандай күйге түстім. Көз алдым тұманданып, түк көрінбей кетті.

**Бақай:** Е-е, солай ма. Тағы да қасқырдай малға шабасын ба? *(Оның басын қамшының сабымен нұқиды).*

**Оңғар:** Кешіріңіз. Киелі адам екенсіз. Енді қайталамаймын. Жеңілдім. Болмысыңа бас идім.

**Бақай:** Ер шекіспей бекіспейді. Екінші рет ат ізін салушы болма. Ел тыныштығын бұзба. Өрістегі малын иесіз деп ойламағын.

**Оңғар:** Батырекесі, құлдық. Мінеки, басым.

**Бақай:** Басыңды ел алдында игейсің. Жігіттеріңе айт. Айдаған жылқысын қайтарып апарып, жұрттан кешірім сұрасын. Екінші рет басбұзарлық істемейтіндігіне, ел іргесін бұзбауға уәде етсін. Жәлмендедей биім бар, даңқы кеткен алысқа. Мына тіршіліктерің, оның құлағына жетсе – соңы өздеріңе соққы боп тимек. Мұны естеріңнен шығармағайсындар!

**Оңғар:** Құп, тақсыр.

*Оңғардың: “Оу, жігіттер, жылқыны өз мекеніне қарай айдаңдар” деген дауысы даланы жаңғыртады. Жарық Жәлменде мен Ойшы отырған тұсқа түсіріледі.*

**Жәлменде:** Міне, Ойшыеке, осы батыр ағамыз жайлы ел аузында:

Ер Бақай ел шабуды сүмейді екен,

Залалсыз момындарға тимейді екен.

Қан сорғыш залым менен зұлымдарды,

Қор етіп қамшыменен илейді екен, – деген өлең қалған.

Ел бірлігін, тыныштығын сақтаған Бақай батыр осындай адам. Оның әкесі Мықтыбек те аймағына белгілі, сөзі дуалы, әділетті би болған. Елін, жерін қорғаған Тілеуқұл, Иеке, Жолбарыс, Тұрлымбет, Айту, Аманбай, Арқабай сынды батырлар мен билері Байшегір бабамыздың Арық пен Тыным ұрпақтарының ауызбірлігін сақтаған, халықты әділеттілікке жүгіндірген игі жақсылар. Шүкіршілік, үрім-бұтақтары осы өңірде өсіп-өнуде.

**Ойшы:** Түсінемін. Бұл бірліктің берекесі, Би аға.

**Жәлменде:** Түсінсең бопты. Ел іргесін бөлшектемейік. Бүгінгі бәтуа осымен тынсын. Енді сөз бәсекесін доғарайық.

**Ойшы:** *(көңілсіздеу кейіппен).* Доғарсақ, доғарайық.

*(Ойшы шығады). Жарық екінші бұрышқа түсіріледі. Онда ояз, бірнеше жендеттер тұрады. Ортада ояз. Жандайшаптармен кеңес құру үстінде.*

**Ояз:** Мына Жалайырдың биі Жәлменде билік тізгінін биіктете ұстап кетті. Басқаны қойғанда ояздың да нұсқауына құлақ асуды қойды. Нендей ерекшелігі барын білмеймін, алдында қара халық та, биліктегілер де қоғадай жапырылады. Нәпақадан тағы қағып отыр. Қашанғы дандайсытып қоямыз. Бір тойтарыс жасалық.

**Жендеттерінің бірі.** Иә, тақсыр, ойыңызды айтыңыз?

**Ояз:** Қырық жігіт дайындандар. Өзі де еңгезердей, тау тұлғалы бәле екен. Оңайшылықпен дес бермес. Қалай дегенмен де, қисынын тауып, көзін жоялық.

**Жендеттер:** Бұйырсаңыз болды!

**Ояз:** Өзі бүгін осында. Сәті түсіп тұрған сыңайлы. Қазір оған мен барамын. Сендер дайын тұрындар.

*Ояз Жәлменде отырған үйге кіріп келеді де, есік алдында үріккендей үрейленіп тұрып қалады. Жәлменде шынтақтаған қалпында ой құшағында жата береді.*

**Жәлменде:** *(Состиып тұрған оязға қарап)* Теріс пиғыл таныта келген екенсің. Ойың орындала қоймас бұл жалғанда. Қорғаушым, киелі жолбарыстарым қашанда қасымда.

**Ояз:** Солай. Солай *(Шегіншектеп қайта шығып кетеді. Сыртта бұйрық күтіп, қаумалап тұрған жендеттерге кетіңдер деген белгі береді).*

**Жендеттердің бірі:** Тақсыр, райыңыздан тез қайтқаныңыз қалай?

**Ояз:** Кіріп барғанымда, екі жағындағы екі жолбарыс айбат шеккенде, шынын айтсам, бұтыма жіберіп қоя жаздадым. Қимылдап ұмтылсам, өзімді мерт қылар түрі бар. Батылым